

Протокол

Сводная таблица замечаний и предложений по Заявлению о намечаемой деятельности
Казахстанского филиала АОЗТ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»
«Установка 2-х новых модульных блоков по производству азота
на установке 8А-3600-XX-003 А/В»
от 24 июня 2024 года №KZ52RYS00679405

Дата составления сводной таблицы: 16.07.2024 г.

Место составления сводной таблицы: Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Наименование уполномоченного органа в области охраны окружающей среды:
Департамент экологии по Западно-Казахстанской области КЭРК МЭПР РК

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 25.06.2024 г.

Срок предоставления замечаний и предложений заинтересованных государственных органов: 25.06.2024 – 15.07.2024 г.

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов:

№	Заинтересованный государственный орган	Замечания и предложения
1	Акимат Западно-Казахстанской области Управление природных ресурсов и регулирования природопользования ЗКО	Замечания и предложения (письмо от 05.07.2024 г. №4-12/1094) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 24 маусымдағы №KZ52RYS00679405 өтінішіне қатысты ұсыныстар мен ескертулердің жоқ екендігін хабарлайды.
2	Западно-Казахстанский межрегиональный департамент геологии Комитета геологии Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан «Запказнедра»	Замечания и предложения (письмо от 26.06.2024 г. №26-10-7-1127) Департамент не является заинтересованным государственным органом в намечаемой деятельности компаний по оценке воздействия на окружающую среду.
3	Жайык-Каспийская бассейновая инспекция по регулированию использования и охраны водных ресурсов Комитета водного хозяйства Министерства водных ресурсов и ирригации Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 27.06.2024 г. №27-7-01-4/1319). 1. Реализацию намечаемой деятельности, связанной со строительством (или не связанной со строительством) на территории водных объектов и их водоохранных зон и полос (установленных акиматами соответствующих областей) осуществляться учетом ограничений и запретов установленных в соответствии с требованиями статей 125 и 126 Водного кодекса Республики Казахстан, в частности: 1.1. Запрещается на водных объектах и в пределах водоохранных полос проектирование, строительство и размещение новых объектов (зданий, сооружений, их комплексов и коммуникаций), и проведение работ, нарушающих почвенный и травяной покров (в том числе распашка земель, выпас скота, добыча полезных ископаемых), за исключением водохозяйственных и водозаборных сооружений и их коммуникаций, мостов, мостовых сооружений, причалов, портов, пирсов и иных объектов

		транспортной инфраструктуры, связанных с деятельностью водного транспорта; 1.2. Запрещается в пределах водоохранных зон проведение реконструкции зданий, сооружений, коммуникаций и других объектов, а также производство строительных, дноуглубительных и взрывных работ, добыча полезных ископаемых, прокладка кабелей, трубопроводов и других коммуникаций, буровых, земельных и иных работ без проектов согласованных, в том числе бассейновой инспекцией; 1.3. Проекты строительства транспортных или инженерных коммуникаций через территорию водных объектов должны предусматривать проведение мероприятий, обеспечивающих пропуск паводковых вод, режим эксплуатации водных объектов, предотвращение загрязнения, засорения и истощения вод, предупреждение их вредного воздействия; 2. При отсутствии на территории установленных на водных объектах водоохранных зон и полос, соответствующее решение о реализации намечаемой деятельности принять после установления водоохранных зон и полос и с учетом изложенного п.1 настоящего письма; 3. Пользование поверхностными и (или) подземными водными ресурсами непосредственно из водного объекта с изъятием или без изъятия для удовлетворения намечаемой деятельности в воде, осуществлять при наличии разрешения на специальное водопользование в соответствии с требованиями статьи 66 Водного кодекса Республики Казахстан. Согласно Кодекса «О недрах и недропользовании» Республики Казахстан от 1 января 2023 года статьи 25 пункта 1 подпункта 4 запрещается проведение операции по недропользованию на территории водного фонда.
4	Управление земельных отношений Западно-Казахстанской области	Замечаний и предложений нет (письмо от 04.07.2024 г. №4-6/867).
5	Департамент Комитета промышленной безопасности Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан по Западно-Казахстанской области	Не представлено
6	Департамент санитарно-эпидемиологического контроля Западно-Казахстанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 03.07.2024 г. №24-26-6-12/1937-И): Намечаемый вид деятельности в соответствии с представляемым заявлением предусматривается установка 2-х новых модульных блоков по производству азота на установке 8А-3600-XX-003 А/В. Планируемые работы проводятся на землях промышленного назначения, в пределах территории КНГКМ, Установка комплексной подготовки газа 2 (УКПГ-2). Площадь застройки составляет 110 м². Начало строительства – 2025г. В соответствии с требованиями приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-220/2020 "Об утверждении перечня продукции и эпидемически значимых объектов, подлежащих государственному контролю и надзору в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения" объект

		относится к 1 классу опасности, высокой эпидемической значимости. «Расчетная санитарно-защитная зона Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения» от 5000 м до 9440 м (санитарно-эпидемиологическое заключение №233 от 18.05.2015 года, исх. №3-7/2233)». При строительстве и реконструкции объекта рекомендуем обеспечить постоянную поддержку условий труда, обеспечить работников средствами индивидуальной защиты и руководствоваться принципом временной защиты, отвечающих требованиям санитарных правил, утвержденной приказом министра здравоохранения Республики Казахстан от 16 июня 2021 года №КР-ДСМ-49 "Санитарно-эпидемиологические требования к условиям труда и бытового обслуживания при строительстве, реконструкции, ремонте и вводе в эксплуатацию строительных объектов".
7	Западно–Казахстанская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан	Замечания и предложения (письмо от 05.07.2024 г. №2-12/500): Согласно пунктов 11 и 36 «Правил содержания и защиты зеленых насаждений Западно-Казахстанской области», утвержденных решением Западно-Казахстанского областного маслихата от 1 сентября 2020 года № 37-2 – при производстве строительно-монтажных работ за пределами территории государственного лесного фонда, все насаждения, подлежащие сохранению на данном участке, предохраняются от механических и других повреждений специальными защитными ограждениями, обеспечивающими эффективность их защиты. При проектировании и строительстве объектов предусматривается озеленение территории, предоставленной под строительство объекта с максимальным сохранением существующих зеленых насаждений на территории предполагаемого к строительно-монтажным работам участка. В случае невозможности сохранения зеленых насаждений на участках, отводимых под строительство или производство других работ, если существующие зеленые насаждения составляют угрозу для других сооружений, включая здания жилой застройки, производится вырубка деревьев по разрешению уполномоченного органа в соответствии с Законом о разрешениях и уведомлениях. Согласно статьи 45 Закона Республики Казахстан «О растительном мире» – потери растительного мира подлежат возмещению в случаях удаления дикорастущих растений (безвозвратной утраты) на земельных участках всех категорий земель, переводимых в другие категории для целей недропользования, строительства (реконструкции) зданий, сооружений, дорог, трубопроводов и иных объектов в соответствии с проектной документацией на такие объекты, получившей положительное заключение государственной экологической экспертизы, а также принудительного отчуждения земельного участка для государственных нужд.
8	Управление строительства Западно-Казахстанской области	Не представлено
9	Акимат Бурлинского района	Не представлено
10	Заинтересованная общественность	Не представлено

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг б.в.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының
«8А-3600-ХХ-003 А/В құрылғысында азот өндіретін 2 жаңа модульді блокты орнату»
белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 24 маусымдағы №KZ52RYS00679405
өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі

Хаттама

Жиынтық кесте жасалған күні: 16.07.2024 ж.

Жиынтық кесте жасалған орын: ҚР ЭТРМ ЭРБК Батыс Қазақстан облысы бойынша
экология департаменті

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның атауы: ҚР ЭТРМ ЭРБК
Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинау туралы
хабарланған күн: 25.06.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын беру мерзімі:
25.06.2024 – 15.07.2024 ж.

Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын жинақтау:

№	Мүдделі мемлекеттік орган	Ескерту мен ұсыныстар
1	Батыс Қазақстан облысының әкімдігі Батыс Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер (05.07.2024 ж. №4-12/1094 хаты) БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» ЖТАҚ Қазақстандық филиалының белгіленіп отырған қызметі туралы 2024 жылғы 24 маусымдағы №KZ52RYS00679405 өтінішіне қатысты ұсыныстар мен ескертулердің жоқ екендігін хабарлайды.
2	Қазақстан Республикасының өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Геология комитетінің «Батысқазжерқойнауы» Батыс Қазақстан өңіраралық геология департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (26.06.2024 г. №26-10-7-1127 хаты): Департамент компаниялардың қоршаған ортаға әсерді бағалау бойынша жоспарланатын қызметіне мүдделі мемлекеттік мекеме болып табылмайтынын хабарлаймыз.
3	Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су шаруашылығы комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий бассейндік инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (27.06.2024 г. №27-7-01-4/1319 хаты). 1. Су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің аумағында (тиісті облыстардың әкімдері белгілейтін) құрылысқа (немесе салуға байланысты емес) жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Су кодексінің 125 және 126-баптарының талаптарына сәйкес белгіленген тыйымдар, шектеулері ескеріле отырып жүзеге асырылады, атап айтқанда: 1.1. Су объектілерінде және су қорғау белдеулерінің шегінде, су шаруашылығы мен су тарту құрылыстары және олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылғыларын, айлақтарды, порттарды, пирстерді және басқа да су көлігінің жұмысына қатысты көлік инфраструктурасын қоспағанда жаңадан салынатын құрылыстарды (ғимараттар, құрылыстар, олардың кешендері мен коммуникациялары) жобалауға, салуға және орналастыруға, топырақ пен шөп жамылғысын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (соның ішінде жер жырту, мал жаю, тау-кен жұмыстарын жүргізу) тыйым салынады;

		1.2. Су қорғау аймақтарының шегінде ғимараттарды, құрылыстарды, коммуникацияларды және басқа да құрылыстарды қайта құруға, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, кабельдерді, құбырларды және басқа коммуникацияларды төсеуге, бұрғылау, жер және басқа да келісілген жұмыстарды жүргізуге, белгіленген тәртіппен, оның ішінде бассейндік инспекциясымен келісілген жобасы жоқ жұмыстарды жүргізуге тыйым салынады; 1.3. Су объектілерінің аумағы арқылы көлік немесе инженерлік коммуникациялар салу жобалары тасқын суларының өтуін, су объектілерінің жұмыс режимін қамтамасыз ету, судың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды олардың зиянды әсерінің алдын-алуды көздеуге тиіс; 2. Егер аумақта су объектілерінде су қорғау аумақтары мен белдеулері белгіленбеген болса, жоспарланған іс шараларды жүзеге асыру туралы шешім су қорғау аймақтары мен белдеулері тиісінше тәртіппен белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағының талаптары ескере отырып қабылданады; 3. Судағы жоспарланған қызметті жүзеге асыру үшін су объектісінен тікелей су объектісінен алуды немесе алмай-ақ жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануға Қазақстан Республикасының Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалану рұқсаты болған жағдайда ғана рұқсат етіледі. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 25-бабының 4-тармағы бойынша 2023 жылдың 1 қаңтарынан су қоры жерлерінің аумағында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар жүргізуге тыйым салынады.
4	Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы	Ұсыныстар мен ескертулер жоқ (04.07.2024 ж. №4-6/867 хаты)
5	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрілігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті	Ұсынылған жоқ
6	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Батыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық департаменті	Ұсыныстар мен ескертулер (03.07.2024 г. №24-26-6-12/1937-И хаты): Ұсынылатын өтінішке сәйкес жоспарланған қызмет түрі "8А-3600-XX-003 А/В қондырғысында азот өндіретін 2 жаңа модульдік блоктарды орнату. Жоспарланған жұмыстар өнеркәсіптік мақсаттағы жерлерде, ҚМГКО аумағы шегінде, газды кешенді дайындау қондырғысы 2 (ГКДҚ-2) жүргізіледі. Құрылыс алаңы 110 м² құрайды. Құрылыстың басталуы – 2025 жыл. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық мәні бар объектілердің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығы талаптарына сәйкес объект 1-қауіптілік сыныбына жатады, эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге жатады. "Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының есептік

		санитариялық-қорғау аймағы" 5000м-ден 9440м-ге дейін (18.05.2015 жылғы №233 санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды, ИС. №3-7/2233)». Құрылыс және қайта құру жұмыстарын жүргізу барысында "Құрылыс объектілерін салу, реконструкциялау, жөндеу және іске қосу, пайдалану кезінде еңбек және тұрмыстық қызмет көрсету жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 маусымдағы № ҚР ДСМ-49 бұйрығының талаптарына сәйкес жұмыс беруші осы Санитариялық қағидалар талаптарына жауап беретін еңбек жағдайын үнемі қолдауды қамтамасыз етуді, жұмыс орындарында (жұмыс аймақтарында) зиянды өндірістік факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері мен шоғырлануын сақтау мүмкін болмаған жағдайда, жұмыскерлерді жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етуді және уақытпен қорғану қағидатын басшылыққа алуды ұсынамыз.
7	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Батыс Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы	Ұсыныстар мен ескертулер (05.07.2024 г. №2-12/500 хаты): Өтініште көрсетілген жер учаскесінде жасыл екпелер болған жағдайда, Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі № 37-2 шешімімен бекітілген, «Батыс Қазақстан облысының жасыл екпелерді күтіп-ұстау және қорғау қағидаларының» 11, 36 тармақтарына сәйкес, объектілерді жобалау және салу кезінде құрылыс-монтаждау жұмыстары болжанатын учаскенің аумағында бар жасыл екпелерді барынша сақтай отырып, объектіні салуға берілген жер учаскесін көгалдандыруды көздеу қажет. Құрылыс салуға немесе басқа да жұмыстар жүргізуге бөлінген учаскелерде жасыл екпелерді сақтау мүмкін болмаған жағдайда, егер қолданыстағы жасыл екпелер тұрғын үй құрылысы ғимараттарын қоса алғанда, басқа да құрылыстар үшін қатер төндіретін болса, ағаштарды кесу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңға сәйкес уәкілетті органның рұқсаты бойынша жүргізіледі. «Өсімдіктер дүниесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 45 баптарына сәйкес – жер қойнауын пайдалану, ғимараттар, құрылысжайлар, жолдар, құбыржолдар және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жерлердің барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған), сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайларда өсімдіктер дүниесінің шығындары өтелуге жататыны сақталу қажет екенін қаперіңізге саламыз.
8	Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы	Ұсынылған жоқ
9	Бөрлі ауданының әкімдігі	Ұсынылған жоқ
10	Мүдделі жұртшылық	Ұсынылған жоқ